# Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы наурызда Канадаға ресми сапары барысында қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 22 маусымдағы N 857 қаулысы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Канадаға ресми сапары барысында қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру және қазақстан-канада ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы наурызда Канадаға ресми сапары барысында қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, облыстардың, және Алматы қаласының әкімдері шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, "Қазақстан теледидары және радиосы" республикалық корпорациясы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп сапар барысында қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру барысын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттасын.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне осы қаулының орындалу барысы туралы кем дегенде жылына бір рет хабарлайтын болсын.

*Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің*
*бірінші орынбасары*

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 22 маусымдағы
N 857 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1995 жылғы наурызда Канадаға ресми сапары барысында**

**қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар Жоспары**

*ЕСКЕРТУ. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.08.20. N 1031* қаулысымен *.*

| N р/с | Құжат атауы | Тапсырманың, шараның мазмұны |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Қазақстан Республикасы мен Канада арасындағы өзара қарым-қатынас қағидаттары туралы Декларация | Жоғары деңгейде қол қою үшін Декларацияның жалпы ережелерін дамыту және оның негізінде өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы Шарт немесе осы тақылеттес басқа да негізге алынатын құжат жасау жөнінде Канада тарапымен консультация өткізу |
| 2. | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Канада Үкіметі арасындағы сауда-саттық келісімі | Келісімді бекітудің және оны жүзеге асырудың шаралары жөнінде құжаттар жобаларын әзірлеу |
| 3. | Қосар салық салуды болдырмау және инвестицияларды қорғау жөніндегі ниеттер туралы меморандум | Жоғары деңгейде қол қою үшін қосар салық салуды болдырмау туралы Конвенцияға және инвестицияларды ынталандыру мен өзара қорғау туралы келісімге қол қоюды дайындау жөнінде Канада тарапымен келіссөздер жүргізу. |
| 4. | "Актөбемұнай" АҚ мен канадалық "СНС Лавалин Интернэшнл" фирмасы арасындағы Жаңажол МГӨЗ жөніндегі хаттама | Хаттама ережелерін жүзеге асыру жөніндегі ұйымдық.-техникалық шараларды әзірлеу |
| 5. | Батыс Қазақстан облысының Теплов-Токарев кен орнын барлау және игеру жөніндегі БК | Келісім ережелерін жүзеге асыру жөніндегі нақты шаралар жоспарын әзірлеу |

шеңберінде Мұнайгазөнеркәсіпмині мен "Сноу Леонард Ресорсиз"фирмасы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім

6. "Қазақстантүстіметалдары" ҰАК мен "Голбелт Ресорсиз" фирмасы арасында "Қазголд" БК шеңберіндегі жобаны жүзеге асыру туралы келісім "Алтын запасы және алмас қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының дайындалып жатқан Заңын ескере отырып, тапсырылатын алтын үшін шетелдік фирмамен өзара есеп айырысу мәселелерін пысықтау

7. "КАТЭП" ҰАК мен "Комэко" фирмасы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім Канадаға қазақстандық уран экспортын ұлғайтудың шарттарын канадалық тараппен пысықтау

8. Қарашығанақтағы модульдық газ-конденсат зауытының құрылысы үшін құрал-жабдықтар сатып алуға арналған кредитті беруге қатысты Канада экспортын дамыту жөніндегі Корпорациямен ынтымақтастық Мемлекеттік кепілдememен жобаны қаржыландыруды, сондай-ақ зауыт жұмысы үшін қажетті шикізат жеткізілімін қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды пысықтау және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізу

---------------------------------------------------------------

Орындалу мерзімі | Орындалуға жауаптылар

---------------------------------------------------------------

4 | 5

---------------------------------------------------------------

1. 1995 жылдың шілдесі Сыртқыісмині, Әділетмині
2. 1995 жылдың III тоқсаны Өнеркәсіпсаудамині, Экономмині, Сыртқыісмині, Әділетмині
3. 1995 жылдың III тоқсаны Қаржымині, Экономмині, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы шетел капиталын

пайдалану жөніндегі комитет, Сыртқыісмині, Әділетмині

| | | |
|---|---|---|
| 4. | Хаттамада ескертілген мерзімдерге сәйкес | Мұнайгазөнеркәсіпмині, "Ақтөбемұнай АҚ" |
| 5. | Келісімде ескертілген мерзімдерге сәйкес | Мұнайгазөнеркәсіпмині, Геологиямині |
| 6. | Келісімде ескертілген мерзімдерге сәйкес | Қаржымині, Өнеркәсіпсаудамині, Ұлттық Банк "Қазақстан түсті металдары" ҰАК |
| 7. | 1995 жылдың шілдесі | Энергомині "КАТЭП" ҰАК |
| 8. | 1995 жылдың шілдесі | Экономмині, Мұнайгазөнеркәсіпмині, Министрлер Кабинеті жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет, Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі, Тұранбанк |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК